

БЕКТЕМІН
Мектеп директоры
М.Исатуллин



«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие
саласы бойынша жүргізілген
жылдық жұмыстар есебі

1-қыркүйек Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру, Білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.



Тәрбие сағаттары өткізілді



2-қыркүйек күні 8-11 сынып оқушыларымен
Жалпы республикалық бірінғай «Адалдық
сағаты» шарасы өткізілді.



Қыркүйек айында оқу жылының басталуына орай, «Абайлаңыз, балалар!» онкүндігі аясында оқушылар қауіпсіздігінің алдын-алу мақсатында мектепте іс-шаралар ұйымдастырылды.



6

«Денсаулық күні!» өткізіліп,
«Тәні саудың - жан сау!» деген ұранмен 1-11
сынып оқушыларымен флешмоб және
спорттық сайыстар ұйымдастырылды.



6-қыркүйек күні «Отбасы-бақыт мекені» республикалық апталық өткізілді. «Табыс кілті» тренинг, «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнамалар алынды.



Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне орай,
22.09.2022 ж күні «Тіл – ұлттың мақтанышы»
тақырыбында ашық сабақтар, тәрбие сағаты өткізілді.
Апталық барысында ашық тәрбие сағаттары, көрме,
мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылды.



“Қарттар күні!” іс-шарасына орай, педагог ұйымдастырушы Ю.Жунашованың ұйымдастыруымен «Ерікті Жас Ұлан!» тобы Қасимов Насир атаның үйіне оқушылар барып, қолғабыс көрсетіп, сыйлықтарын беріп, батасын алып қайтты.



2 “Ә” сынып жетекшісі- М.Курбанбаева және 2 «Б» сынып жетекшісі М.Егимбердиевалар “Қарттар күні!” не орай зейнеткер ұстаз С.Шакаровамен кездесу ұйымдастырып «Адалдық адамдықтың белгісі» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.



Ұстаздар мерекесіне орай 07.10.2022 жылы «Ана тілім асылым» атты іс-шара өткізілді.



«Ұстаздар күні!» меркесінде орай
«Ұстаздар еңбектеріңізге рахмет!» атты
такырыпта ауылдың ардагер ұстаздары мен
5-11 сынып оқушылары кездесіп, сыр – сұқпат
өткізілді.



«25 қазан Республика күні» мектебімізде кең ауқымда атап өтілді. «25 қазан Республика күні» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, бекітілді. Іс шара барысында «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында патриоттық диктант конкурсы, «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазу, спорттық іс-шаралар, «Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау, және тағы басқа іс-шаралар өтілді.



- 01.11.2022 жылы «Алтын күз» тақырыбында көрме байқауы өтілді.



- Республика күніне орай мектеп ауласында жәрменке ұйымдастырылды.



01.11.2022 жылы «Алтын күз» тақырыбында көрме байқауы өтілді.



28.11.2022 жылы қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әдемілік, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіру мақсатында «Күз аруы» байқауы өтті.



- 1 желтоқсан дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ –ға қарсы күрес күніне орай, «Қос-Қорған» жалпы орта мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және ЖИТС/АИТВ –ның алдын алу мақсатында « Денсаулық және салауатты өмір» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.



«Денсаулық және салауатты өмір» тақырыбы аясында
«Біз нашакорлыққа қарсымыз» атты флешмоб
ұйымдастырылды.



- 28.11.2022ж оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Түркістан облысы Сауран АПБ-ның ЖПК ЮПТ ҰПИ полиция лейтинанты Әмірбек Елнұрбек Ергешұлымен кездесу өтті



29.11.2022ж Балалар жылы жоспары аясында отансүйгіштік және патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында балаларға Отырарды қорғаған батырлар жайында «Отырарды қорғау» атты мультфильм көрсетілді.



Сауран ауданы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
30.11.2022 жылы 8-9-10-сыныптар арасында
«Жыл оқушысы 2022» атты байқау болып өтті



06.12.2022ж «Мен өз Отанымнын патриотымын» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.



07.12.2022 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «Саналы ұрпақ жарқын болашақ» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



07.12.2022 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
31 жылдығына орай «Оқуға күштар мектеп» жобасы
аясында «Саналы ұрпақ жарқын болашақ» тақырыбында
дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



08.12.2022ж «Мен өз Отанымның патриотымын»
тақырыбында патриоттық әндер байқауы
ұйымдастырылды. Байқау барысында оқушылар
өздерінің барлық шеберліктерін көрсете алды.



Сауран Ауданы Білім Бөлімі нін жылдық жоспарына сәйкес "16желтоқсан-Тәуелсіздік күні" мерекесіне орай "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде оқушыларды Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау 2022 жыл 13 желтоқсан күні "Біз елдің ертеңі" тақырыбында мектепшілік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға мектептің мұғалімдері, оқушылары қатысты. Мектептен 74 оқушы "Жас ұлан" ұйымына, "Жас қыран" ұйымына 32 оқушы қабылданып галстук тағу рәсімі өткізілді. Мектеп файесінде фото көрмелер ұйымдастырылды. Ұйымға қабылданған жас ұрпақ өздері Отан алдында патриоттық сезімде болды.




Қазақстандық патриотизмді, азаматтықты, толеранттылықты қалыптастыру, оқушыларды өз елінің өміріндегі маңызды оқиғаларға баулу мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде "Тәуелсіздік - таңның нұры" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жаңа жыл» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары түзіліп бекітілді. Жоспар аясында 1-4 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесіне орай "Қош келдің жаңа жыл" атты мерекелік кеш өткізілді.



"Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде 5-9- сынып оқушылары арасында "Жаңа жылым- жақсы жылым" тақырыбында балмаскарад өтті.



"Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде 29.12.2022 жыл жана жылдың кіріп келуіне байланысты, 10-11- сынып оқушылары "Жаңа жыл" мерекесін мектепте тойлады.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жыл 13 қаңтар күні «Жұлдызды сағат» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 7а және 7б сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 7а -сынып оқушылары «Болашақ» тобы, 7б –сынып оқушылары «Қыран» тобы болды.




Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 18 қаңтар күні «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.



34

19 қаңтар күні Сауран ауданы "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде "Мектепке домбыра сыйла" акциясы өтті. Бұл акцияның басты мақсаты ұлттық өнерді ұлықтап, өскелең ұрпақтың бойына дәстүрлі өнерді сіңіру және оқушылардың домбыраға қызығушылығын арттыру болды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жүйріктей жүйрік озар» тақырыбында 20 қараша күні «Толағай» отбасылар сайысы өткізілді. Бұл сайысқа мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты.



36

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
2023 жылы 25 қаңтар күні «Ақылдылар
мен көңілділер» тақырыбында зияткерлік
ойыны өткізілді.**



Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жылы 14 ақпан күні «Ерлікке тағзым» тақырыбында ауган соғыс ардагерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуде 1.Баймұратов Қалдыбай Шерезданұлы, 2.Илянов Тайир Мусаханұлы 3.Пайзенов Хасен Азимовичтер қонақта болды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай мектептің өзін-өзі басқару ұйымы бірлесіп, мектепке ерте келіп, мектепке келген әр бір ұстазды кіші қызметкерлерді тіпті оқушыларды да жақсы тілектермен, өлең шумақтары жазылған әдемі гүл сыйлап күтіп алды, әрі ол арға мерекелік көңіл күй сыйлады..



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жыл 1 наурыз күні мектептің АКТ залында «Алғыс айту» күніне орай «Алтын жүрек» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «8-Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарлама барысында «8-Наурыз халқаралық әйелдер күніне» арналған «Иқбол қызлар» тақырыбындағы шығармашылық байқау өткізілді.



13.03.2023 ж. Күнімектебіміздің тәрбие істері жөніндегі директор орынбасары Н.Асетова басшылығында, ұйымдастырушы педагог Д.Жумашова, аға тәлімгер Х.Нарзулла бір топ оқушылар мен, Ұлыстың Ұлы Күні-Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің – әз Наурыз!» онкүндік мерекелік іс-шаралар жоспарына сәкес, «НАУРЫЗ – ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ» атты іс-шарасы, «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» тақырыбы аясында ауылдағы ардагер ұстаздарымыз Н.Қасимов, М.Аседов ағаларды үйлеріне барып, ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, баталарын алып қайтты.



Біздің елдің жігіттері» тақырыбында мектептің 8-10 сынып ер балалары арасында «Жігіт сұлтань» сайысы өткізілді. Сайыс барысында жігіттеріміз берілген 4 шарт бойынша өз күштерін сынады.



«Наурыз – тарту» ұлттық тағамдар байқауы 5 – 11 сынып оқушылары арасында жәрменке ұйымдастырылды. Жәрменкеде мектебіміздің оқушылары өздерінің өз қолдары мен дайындаған ұлттық тағамдарын дастарханға тарту етіп, өздерінің аспазшылық өнерлерін ұсынды.



21 наурыз күні «ҚОШ КЕЛДІҢ – ӘЗ НАУРЫЗ» тақырыбында мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламасы мен атап өткізілді. Іс-шара барысында ұлттық дәстүрлер сахналанды, отырылды.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 04.04.2023ж күні жаңа Қазақстандағы жастардың онын ішінде оқушы жастардың руханиятын көтеру арқылы Отансүйгішікке, адамгершілікке тәрбиелеу және халқына адал қызмет ету мақсатында «Жаңа Қазақстан, Күшіміз бірлікте» атты өнер фестивалі өткізілді.



Саурап ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 7-сәуір «Дүниежүзілік денсаулық күні»не орай флешмоб өткізілді.



77

"Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде 12.04.2023ж "Ғылым қызметкерлері күні" не арналған он күндіктің салтанатты ашылуы болып өтті. Бұл он күндік әр түрлі іс шараны қамтиды. Оқушылар он күндіктің ашылуында батпырауықтар ұшырып, сурет салып, концерттік бағдарлама өткізілді.



«Гылым кызметкерлер күніне» арналган концерттік бағдарламада окушылар би билеп, ән айтып , гылым күніне арналган өлең жолдарын оқын берді.



12.04.2023ж

«Ғылым қызметкерлер күніне» арналған сурет байқауы өткізілді.



«Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде 1 мамыр Қазақстан халықтарының достығы күніне орай 28 сәуір күні оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет - гүрпын сыйлауға үйрету мақсатында «Қазақстан татулық пен достықтың киелі бесігі» тақырыбында іс-шара өткізілді.



Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 02.05-05.05.2023 күндері аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 3-4 сыныптарда «Оқимыз, сурет саламыз» жобасы өткізілді. Жобаға қатысушы оқушылар оқылған кітаптар бойынша шығармашылық суреттер салды.



Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 05.05.2023ж күні 9 мамыр Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әжелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлерін құрметтеп, ерліктерін ұлықтау мақсатында «Ұрпаққа ұран болған ұлы жеңіс» тақырыбында іс-шара өткізілді. Іс-шараға Оранғай ауыл әкімшілігі мамандары мен Гүлнара Үстемірқызы қатысты.





«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 13.05.2023 ж. күні сағат 12.00 – де «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында мектептің мұғалімдері және 9 – 10 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Жасыл мекен» челленджі өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар және мұғалімдер мектеп ауласындағы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын атқарды. Ауланы көгалдандыру мақсатында жабысқал желектер, әр түрлі гүл көшеттерін өтырғызып, өтырғызылған ағаштарды күтіп, баптау жұмыстарын ұйымдастырды. отырылды.



Саураи ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 15 мамыр күні сыныпжетекшілер арасында «Үздік сынып жетекші-2023» атты байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты – сынып жетекшілердің өзара тәжірибе алмасуына, шығармашылық зертханасын айқындауға, оқушыларға білім берудегі өзгерістерді еркін меңгеруге бағытталған.



Сауран ауданы, адами әлеуетті дамыту бөлімі "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында 29 мамыр күні "Бақыт, күн, достық-балаларға" атты флешмоб өткізілді. Флешмоб мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу.



Сауран ауданы, адами әлеуетті дамыту бөлімі "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында 30 мамыр күні "Әр түрлі болсақ та, біргеміз!" атты асфалтқа сурет салу іе-шарасы өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу.



Сауран ауданына қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 1 маусым күні 2022-2023 оқу жылының аяқталу құрметіне арналған «Сәт сапар-жас түлек!» атты салтанатты жиын болып өтті.

Жиында 1-сынып, 4-сынып, 9-сынып, 11-сынып оқушылары, мектеп ұстаздары және зейнеткер ұстаздар қатысты.



1-сынып оқушылары бітіруші түлектерге арналған құттықтауларын айтып гүл шоқтарын табыстады. Бітіруші түлектер ән айтып би биледі. Білімнің «Алтын кілтін» 11-сынып оқушысы Ф.Шамшидинова 10-сынып оқушыларына табыстады.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 01.06.2023ж күні мектепшілік сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өткізілді. Ашылу мерекесімен мектеп директоры М.Изатуллаева құттықтап, бүлдіршіндерді лагерге белсене қатысуларын, бос уақыттарын тиімді пайдалану жолдарын айтты.

